Ж.П.Э - 11 - 02

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың мектепішілік кезеңі

## «Абай жолы» роман-эпопеясындағы ұлттық өнеге

Қай кезең, уақытта да талантымен танылған тұлға-руханият
байлығы, халың көпке ортақ қазына,
Ұлттық ары мен ұяты, ырысы.

Адамзаттың арғы бергі тарихында қоғам өмірімен, халықпен бір
жасайтын тұғырлы тұлғалар көп болған. Мұның мысал дерегін
алыс-жақын елдер тәжірбиесіне, нақтырақ айтсақ қазақ топырағыну
ғы ұлттық мақтанышымыз, «Әлемнің Әуезові» атанған ұлы Мұқан-
Мұхтар Әуезов те осындай тұлғалардың биік шоғырынан берік орын а
ған. Дарынды суреткер жазушы М.Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопе
халық талантының жарқын көрінісі, нағыз ұлттық құбылыс. Әйгілі ро-
манды зерттеп, талдап құнарлы пікір айтқан зерттеулер қазақ әдеби
тану ғылымында көп. Егемендік алған жаңа дәуірімізде романды тал
оқу үстінде ұлттық тәлім-тәрбие, ұлттық сезім, мінез, ой, таным,
әдет-ғұрып, салттық қолдану қажеттігі туып отыр. Осы мақсатқа орай
біз роман-эпопеясы ұлттық өнеге тәлім-тағылым жағынан танып
білуге барлау жасадық. «Абай жолы» роман-эпопеясындағы ананың балан
тәрбиелеудегі қызметіне назар аударсақ, Ұлжан мен Зере бейнесі оқырма
ның зейін-зердесін мықтап тұтқындайды. Абайдың азаматтық ой-са
сының өсіп халқының қалаулы азаматы болуына анасы Ұлжан мен
Зере әжесінің Абай бойына жасынан дарытқан тәлімі мол. Аналары
Абайды тек адамгершілікке, әділеттілікке, ізгілікке, имандылыққа
тәрбиелей білді. Жанұя тәрбиесінен қалыптасатын тәлімдік дағдының
бірі - сәлемдесу.

М.Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясында Құнанбайдың да Абайға берген
тәрбиесін баяндайды. Жас Абайды әкесі ел ішінің өз мүддесіне қарай

шешімін табатын әр түрлі істерге араласуына баули бастап, Құлыншақ, Сүйіндік, Байдалы сияқты елдің игі жастарына жұмсауы Абайға әділет пен адамгершілікке деген қасиетті саралап, өз бойына жинақтауына жәр етті. Халықтық тәрбие тағылымын игеруге қаламгер жасайды. „Абай жолы" бүкіл тарихи романшылар алдында тұрған идеялық-көркемдік міндетін шешуде де көрнекті қызмет атқарды.